



UNIVERSITY OF CAMBRIDGE INTERNATIONAL EXAMINATIONS
International General Certificate of Secondary Education

CANDIDATE
NAME

CENTRE
NUMBER

--	--	--	--	--

CANDIDATE
NUMBER

--	--	--	--



KAZAKH AS A SECOND LANGUAGE

0532/01

Paper 1 Reading and Writing

May/June 2011

2 hours

Candidates answer on the Question Paper.

No Additional Materials are required.

READ THESE INSTRUCTIONS FIRST

Write your Centre number, candidate number and name on all the work you hand in.
Write in dark blue or black pen.
Do not use staples, paper clips, highlighters, glue or correction fluid.
DO NOT WRITE IN ANY BARCODES.

Answer **all** questions.

At the end of the examination, fasten all your work securely together.
The number of marks is given in brackets [] at the end of each question or part question.

For Examiner's Use	
Section 1	
Section 2	
Total	

This document consists of **13** printed pages and **3** blank pages.

1-ші бөлім

1-ші тапсырма , 1–5-ке дейінгі сұрақтар

Аспан әлеміне саяхат туралы әңгімені оқып, сұрақтарға жауап беріңіз.

Аспан әлеміне саяхат

Бірде оқушыларға мынандай сауал қойдым: «Ашық күндері тапа-тал түсте жұлдызды аспанды көргілерің келе ме?» - дедім. «Әрине, көргіміз келеді», - деді бәрі бір ауыздан. «Көргілерің келсе планетарийге барайық» - дедім. Жолда жүріп-тұру ережесін, планетарийде өзін-өзі қалай ұстау керек екендігін түсіндіріп, планетарийге автобуспен апардым. Саяхат оқушыларға өте ұнады, оның нәтижесі сандаған сауалдарға жол ашты. Олардың сауалдарына рет-ретімен жауап бере бастадым.

Онда жұлдызды аспанның тәулік бойы қалай өзгеріп тұратынын көріп, жұлдыздар мен планеталардың шапшаң қозғалыстарын бақылап, аспанның, күн мен түннің кез келген уақытындағы қалпын, поляр шұғыласын, кометаны, яғни «құйрықты жұлдызды», тамашалауға мүмкіндік туды. Оқушылар ғарыш ұшағының қалай ұшқанын да көріп, мағлұмат алды.

Планетарий деп аталу себебі, ондағы ең ғажайып дүние - планетарий проекциялық аппаратына байланысты. Сол арқылы жұлдызды аспан әлемі бақыланады. Планетарий аппараты екі жағы шар тәрізді, гимнастикалық үлкен гантельге ұқсайды. Көзге тек сыртқы шынылары ғана байқалады. Бұл шынылар - проекциялық он алты шамның объективтері. Объективтердің әрқайсысының астына металл пластинкалар бекітілген. Әр пластинкада жүзден астам тесіктер ойылған. Аталмыш тесіктер ұлғайған сайын, планетарийдің матадан жасалған «аспан» күмбезіндегі жұлдыздары соғұрлым жарық болып көрінеді. Жекеленген проекциялық шамдар Күннің, Айдың және Меркурий, Шолпан, Марс, Юпитер, Сатурн сияқты планеталардың қозғалысын мата «аспанға» түсіреді. Шамдардың әрқайсысының электр моторы бар. Бұл шамдар аппараттың үлкен шарларының аралығына орнатылған. Ең бірінші планетарий Мәскеуде ашылды. Ал қазір Алматыда да бар.

1 Оқушылар планетарийге қалай барды?

..... [1]

2 Планетарийде нені тамашалауға мүмкіндіктер бар?

(a) [1]

(b) [1]

3 Планетарий аппараты қандай затқа ұқсайды?

..... [1]

4 Планетарий аппаратының қанша объективтері бар?

..... [1]

5 Ең бірінші планетарий қай жерде ашылған?

..... [1]

[Барлығы: 6]

2-ші тапсырма, 6-шы сұрақ

Мәтінді оқыңыз және мәтіндегі ақпаратты қолданып, келесі беттегі сұрақнамаға толтырыңыз.

Мұрат Мажитов - жас футболшы. Жасы 15-те. Ол Батыс Қазақстанның Орал қаласында Сәкен Сейфуллин атындағы орта мектепте оқиды. Ол Қазақстанның мемлекеттік жас футболшылар тобының мүшесі. Құрамында 15 бала бар. Мұрат осы балалармен бірге күнде жаттығу жасайды.

Мұрат Мажитов Оралдағы Мәншүк Мәметова көшесіндегі 120-шы үйде тұрады. Үйінің телефоны 7112305030, электрондық поштасы: murat.m@nursat.kz. Электрондық поштасын күнде тексереді. Қазақстан спорт Федерациясы жазғы демалыста Мұраттың тобын Бразилияға іс-сапарға 2-4 айға жолдап отыр. Бразилияда олар Сан Ремо қаласынан 30 шақырым жердегі спорт кешенінде тұрады. Оларға ең атақты Бразилияның футболшылары жаттығу жүргізеді.

Мұрат 5 жасынан бастап футболға қатысқан. Оның тәжірибесі мол. Мұрат мектебінде футбол тобының капитаны. Екі жыл бойы Мұраттың тобы Қазақстан жас футбол клубтарының арасында жеңімпаз атағына ие болып жүр.

Жеке мәліметтер туралы сұрақнама

А Бөлімі

Аты-жөні

Жынысы: Еркек/Әйел (керек емесін сызып тастаңыз)

Топтың жасы (астын сызыңыз): 20-дан төмен/ 20-30/ 30-дан жоғары

Мекен-жайы

.....

Мемлекеті

Мамандығы

Жұмыс/Оқу орны

Бұрынғы тәжірибесі

Топтағы адамның саны (астын сызыңыз):

1–9 10–19 20–29 30-дан аса

Іс-сапардың мерзімі (астын сызыңыз):

2 айдың ішінде 2–4 ай 5–6 ай

Іс-сапарға баратын жері

Б Бөлімі

Іс-сапар кезінде тұратын жеріңізді және іс-сапардың мақсатын қысқаша жазыңыз.

.....

.....

[Барлығы: 7]

3-ші тапсырма, 7–9-ға дейінгі сұрақтар

Құмырсақалар

Хайуанаттар туралы әңгіме болғанда, олар қандай таңғаларлық іс-әрекет жасаса да, қорытынды жасауға асықпау керек.

Бұл ретте құмырсақалардың «жерлеуге» байланысты қызықты оқиғасын еске түсірген жөн. Өткен ғасырдың зерттеушілері құмырсақалардың өздерінің өлген тумасын қалай жерлегені жөнінде жазыпты. Сонда олардың сана-сезімі болғаны ма? Құмырсақалар өлген құмырсақаны өз інінде қалдырмайды. Жұмысшы құмырсақалар оны алысқа апарып тастайды. Не себептен? Қазір белгілі болғандай, құмырсақалардың өмірінде «иіс тілі» де «сезім» рөлін атқарады. Құмырсақ өз інінің мекеніне азық әкеле жатып, ізінде феромон деген иісті затты қалдырып отырады. Осы арқылы басқа құмырсақаларға азықты қайдан алуға болатынын білдіреді. Егер ол қандай да бір қауіп-қатерді сезсе, басқа феромон белгісін қалдырып отырады.

Құмырсақалардың жерлеу «салты» да иіске байланысты. Бұзыла бастаған дене «өлім иісін» бөле бастайды. Сондықтан жұмысшы құмырсақалар оны інінен алысқа апарып тастайды. Ол да инстинкт бойынша жасалады. Бұл қарапайым тәжірибе арқылы дәлелденген. Өліктің феромонын тірі құмырсаққа жағып, оны іні ішінде қалдырған. Оны жерлеуші құмырсақалар дереу ұстап алып, қарсыласқанына қарамастан алысқа апарып тастаған.

Әрине, ол қайтадан ініне қарай жүгіре жөнелген. Бірақ оны жолда әлгі құмырсақалар ұстап алып, өлген құмырсақалардың ортасына апарып тастаған. Езу тартқызатыны, бұл әрекеттер тірі құмырсақаның бойынан «өлім» феромонының иісі кеткенше жалғаса беріпті.

Ғалымдар хайуанаттардың кейбір іс-әрекеттері адамның мінез-құлқына өте ұқсас болғанымен де, бұның бәрі инстинктке байланысты дейді. Дегенмен де, табиғаттың беймәлім құпиясы әлі ұшан-теңіз.

Құмырсқалар туралы мақаланы қолданып сыныптың алдында оқитын дәріс дайындау керек. Бір-екі қысқа сөйлеммен түсінгеніңізді сызылған жерге жазыңыз.

7 Құмырсқалар және өлген тумасын жерлеу салты:

- [1]
- [1]

8 Құмырсқалардың өміріндегі феромонның рөлі:

- [1]
- [1]
- [1]

9 Құмырсқалардың иіс инстинктіне байланысты жасалған тәжірибе:

- [1]
- [1]

[Барлығы: 7]

4-ші тапсырма, 10-шы сұрақ

«Аққу қонған ақ бұлақ» атты әңгімені оқып, мәтіндегі бұлақтың бақытты шақтары мен бақытсыз шақтарының себептерін қорытындылап жазыңыз. Сондай-ақ, мәтіндегі негізгі ақпаратты да өз сөздеріңізбен қорытындылаңыз. Қорытындыңыз 100 сөз болуы тиіс. Жұмысыңыздың мазмұнына 6 ұпай, тіл сапасына 4-тен жоғары ұпай беріледі.

Аққу қонған Ақ Бұлақ

Жылда көктемде қос аққу бұлаққа бірге келіп, балдай тәтті бақытты күндер кешетін. Бұлақ та оларды қанат суылдарынан-ақ қателеспей танып, достық құшағын даяр қыла қоятын. Аққулар да қазір бұлақ әлдіінің берекетін бұзбай, айдында ақырын ғана жүзіп жүр еді.

Бұлақ бәрінде көріп жатты. Өз бақытына өзі мәз боп, езу тарта елжірей күліп жатты. Ол осылай жатып, өз әлдііне өзі елжіреп қалғып та кетті...


Кенет естілген аққулардың ащы қаңқылынан шырт ұйқыда жатқан Бұлақ шошып оянды. Бір сұмдықтың жақын қалғанынан секем алғандай, құстар қоймай қиқулап, қанаттарымен су сабалап, бұлақты бейқам ұйқысынан біржола оятты да, қош-қош айтып кете барды. Сол кезде дар-дар еткен тосын дауыс та естіліп, жағаға трактор келіп тоқтады. Одан бір адам түсті.

Жігіт еңсеріле қашқан бұлақ суын етігімен кешіп біраз ілгері барды да, беті-қолын жуды. Сосын жағаға шығып тракторын бұлаққа батқанша енгізді. Шелектеп су шашып, моторының майын шая бастады.

Бұлақ түні бойы бір тынбай егіл-тегіл еңірей жылады. Бірақ, оның бұл бақытсыздығын ешкім естімеді де, білмеді де.

Ертеңіне су алуға ала таңнан асыға жеткен әйелдер бұлақ айдынында қызыл-жасыл жиіркенішті жолақтарды көріп, таң қалды. Сол күні тағы бір жігіт тапа-тал түсте бұлақ суына машинасын жуды.

Міне, тағы көктем келді. Бұлақтары баяу бүршік жарып, жер бетінде жарысып жаңа гүлдер өсті. Бұлт арасынан сылаң етіп қос аққу шықты. Балапан шағында бауырын малған суға деген сағыныш оларды мұнда тағы бастап әкелген еді. Бірақ, аққулар қайғыра қаңқылдап, бұлақты төрт қайтара айналып ұшты да, елсіз-сусыз кең даланы бетке ұстап, саңқылдап ұзай берді. Өмірде бір бақыттың оты өшкенін, өмірде бір шаттықтың басылғанын, өмірде бір қуаныштың құмға сіңгенін ашық аспан астында айқайлап айтып барады...



A series of horizontal dotted lines for writing, spanning the width of the page.

5-ші тапсырма, 11–19-ға дейінгі сұрақтар

Компьютер бағдарламалары туралы мақаланы оқып, келесі беттегі сұрақтарға жауап беріңіз.

Компьютерлік бағдарламалар арқылы білім берудің артықшылықтары мен кемшіліктері

Білім беруде компьютерлік бағдарламаларды қолдану балаларға қаншалықты пайдалы? Балалардың компьютерлік сауаттылығын барынша ерте жетілдіруі қажет пе? Кейбіреулер “иә” деуі мүмкін, кейбіреулер “жоқ” деуі мүмкін.

Компьютерлік бағдарламалар балаларға логика мен математика, оқу мен жазу сияқты жаңа нәрселер үйренетін қызық орта ұсынатыны рас. Бұл бағдарламалардың тағы бір тиімділігі – мұғалім мен ата-анасының қадағалауын талап етпейді, яғни бала өз бетімен жұмыс жасап үйренеді. Дегенмен, балалардың ұзақ уақыт компьютер алдында отыруының жағымсыз жақтары да назардан тыс қалмауы керек.

Балалар ересектерге қарағанда тез үйренеді. Олардың компьютер бағдарламасын меңгеру қабілеті таң қаларлықтай жылдам болады. Компьютерде жұмыс істеу машықтары өте маңызды болғандықтан және балалар ересектерге қарағанда тез үйренетіндіктен, ойынға негізделген компьютер жаттығуларын балаға ертерек үйрете бастаудың үлкен артықшылығы бар. Сондай-ақ, балалар компьютер ойындарын қызыға ойнайды. Ал білім беретін компьютер бағдарламаларының көбі ойын түрінде болады. Балалар оқуды және жазуды, есеп шығаруды және логикалық мәселелерді үй тапсырмасы түрінде емес, компьютерлік ойындар түрінде үйренеді.

Бірақ, ойын ойнау басқа мәселеге себеп болуы мүмкін. Жас бала компьютер ойынының виртуалды әлемімен таныс болған соң, қызығып көбірек ойнайды және бос уақытының көбін соған жібереді. Әсіресе ұл балалардың қатыгез ойындармен шамадан тыс әуестеніп кетуі мүмкін.

Балалардың компьютер алдына ұзақ отыруының тағы бір жағымсыз жағы – олардың басқа адамдармен уақытты аз өткізуі. Өз жасындағы балалармен араласып, тыңдауды, сөйлеуді, және пікір таласуды үйренудің орнына, олар уақытын виртуалды әлемде өткізеді. Нәтижесінде, басқа адамдармен қарым-қатынасы – өз жасындағы балалар және ересектермен – қиындай түседі.

Тағы бір ықтимал мәселе – компьютерде жұмыс істеу жүгіру мен дене қозғаудың орнына орындықта отыруды талап етеді. Балалардың бұлшық еттері мен сүйектері әлі даму үстінде болғандықтан, дұрыс даму үшін көп қозғалыс керек. Спортпен айналысып, көп қозғалу тек қана денені дамытпайды, сондай ақ баланың өзіне деген сенімділігін де арттырады. Басқа сөзбен айтқанда, егер бала ұзақ уақыт компьютер алдында отырса, оның денсаулығына үлкен зиян келеді.

Сонымен, бұл айтылған мәселелерді қорытындыласақ, компьютерлік бағдарламалардың пайдасы көп пе, әлде зияны көп пе? Баланың ата-анасы мен мұғалімдері бұл мәселелердің алдын алу шараларын жүргізе алады. Олар балаға қатыгез ойындардан аулақ болу керек екенін, есесіне басқа адамдармен көбірек араласу керектігін және дене шынықтыру жаттығуларының маңыздылығын үйретуі тиіс.

Осы сұрақтарды дұрыс сөзбен келесі бала компьютерлік пайдасын көреді

11 Компьютер бағдарламаларын білім беруде қолдану балаларға пайдалы деген пікірдің барлығы келісе ме?

.....[1]

12 Компьютер бағдарламалары арқылы қандай пәндер мен машықтарды үйренуге болады?

.....[1]

13 Компьютерде жұмыс істеу машықтарын балаларға неге ерте таныстыру керек?

.....[1]

14 Білім беретін бағдарламалар мектеп оқушыларына неге қызық?

.....[1]

15 Компьютер алдында ұзақ отыру балалардың басқалармен қарым-қатынасына қалай әсер етеді?

.....[1]

16 Балалар басқалармен қарым-қатынас жасауды қалай үйренеді?

.....[1]

17 Компьютер алдында ұзақ отыру балалардың денсаулығына қандай зиян келтіруі мүмкін?

.....[1]

18 Компьютердің алдында ұзақ отыруға болмайтыны туралы балаларға кімдер түсіндіріп айтуы керек?

.....[1]

19 Компьютерлік ойындарды көп ойнау қандай әуестікке себеп болуы мүмкін?

.....[1]

20 Дене жаттығуларын жасаудың балаларға қандай психологиялық пайдасы бар?

.....[1]

6-шы тапсырма, 20-шы сұрақ

Мектепте өтетін «Ең атақты көркем фильм» жарысына арнап, өзіңіз ұнататын киноңыз туралы 150–200 сөзден тұратын мақала жазыңыз. Мақалаңызда мына сұрақтарға жауап беріп, бейне ұмытпаңыз:


Киноның аты қандай және кино не жайлы?

Ол киноны неге жақсы көресіз?

Киноны көруді кімге ұсынасыз?

10 ең атақты көркем фильмдер

Ең жақсы көретін көркем фильм туралы ой-пікіріңізді жазып, кинотеатрға билет ұтып алыңыз.



A series of horizontal dotted lines for writing, spanning the width of the page.

Copyright Acknowledgements:

Question 2 © K Omaruly; *Kumyrskalar*; Ak Zhelken; 2005.

Question 4 © *Akku Kongan Ak Bulak*; Ak Zhelken; 2007.

Permission to reproduce items where third-party owned material protected by copyright is included has been sought and cleared where possible. Every reasonable effort has been made by the publisher (UCLES) to trace copyright holders, but if any items requiring clearance have unwittingly been included, the publisher will be pleased to make amends at the earliest possible opportunity.

University of Cambridge International Examinations is part of the Cambridge Assessment Group. Cambridge Assessment is the brand name of University of